

Research paper / Оригинальная статья

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-147-169>

MPHTI 06.61.33

JEL: Q01, R10, R30



Comparative Assessment of Regional Differences in the Dynamics of Key Economic Indicators Kazakhstan

Akbota G. Anessova^a, Chingiz B. Zhumagulov^b, Gulnaz Zh. Alibekova^c, Raigul D. Doszhan^{b*}

^aEurasian Technological University, 109 Tole bi str., A05K2B9, Almaty, Kazakhstan; ^bAl-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi ave., A15E3D0, Almaty, Kazakhstan; ^cInstitute of Economics CS MSHE RK, 28 Shevchenko str., A25K1B0, Almaty, Kazakhstan

For citation: Anessova, A. G., Zhumagulov, C.B., Alibekova, G. Zh. & Doszhan, R. D. (2023). Comparative Assessment of Regional Differences in the Dynamics of Key Economic Indicators Kazakhstan. *Economics: the strategy and practice*, 18(4), 147-169, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-147-169>

ABSTRACT

The purpose of this study is to conduct a comprehensive assessment of regional differences using key economic indicators and identify regional disparities. The study used the method of multidimensional comparative analysis and the possibility of applying it to the assessment of the economic potential of the regions Kazakhstan. The assessment includes indicators divided into three groups: financial and economic conditions, business development indicators and the standard of living of residents. The level of tax collection reflects the economic activity and productivity of business in the region, the assessment of business development indicators provides valuable information about the entrepreneurial ecosystem of the region and the growth rates of SMEs and industry in the region, the assessment of the standard of living of residents allows you to get an idea of the quality of life in the region. Target indicators were selected for the assessment, such as the receipt of taxes to the budget and the National Fund of Kazakhstan, GRP, the number of SMEs and its share in GDP, investments in fixed assets, retail trade, population growth, Average wages, the population with an income below the subsistence minimum. The results of the study can be used both at the state and local administrative level to develop programs and strategies aimed at reducing regional disparities, stimulating economic growth, and improving infrastructure in underdeveloped regions.

KEYWORDS: Regional Differences, Gross Regional Product, Regional Economy, Geographical Division, Socio-Economic Indicators, Kazakhstan

CONFLICT OF INTEREST: the authors declare that there is no conflict of interest.

FINANCIAL SUPPORT: This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant «Comprehensive geographical assessment of sustainable development of large cities of the Republic of Kazakhstan» No. 19677682).

Article history:

Received 19 September 2023

Accepted 21 November 2023

Published 30 December 2023

* **Corresponding author: Doszhan R.D.** – PhD, Associate Professor, al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave., A15E3D0, Almaty, Kazakhstan, 87015300030, email: rdd2011@mail.ru

Қазақстанның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы бойынша өңірлік айырмашылықтарды салыстырмалы бағалау

Анесова А.Г.^с, Жумагулов Ч.Б.^а, Алибекова Г.Ж.^б, Досжан Р.Д.^{а*},

^аЕуразиялық технологиялық университеті, көш. Төле би 109, А05К2В9, Алматы, Қазақстан; ^бәл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, даңғ. әл-Фараби 71, А15Е3D0, Алматы, Қазақстан; ^сҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, көш. Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Қазақстан

Дәйексөз үшін: Анесова А. Г., Жумагулов Ч. Б., Алибекова Г. Ж., Досжан Р. Д. (2023). Қазақстанның негізгі экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы бойынша өңірлік айырмашылықтарды салыстырмалы бағалау. Экономика: стратегия және практика, 18(4), 147-169, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-147-169>

ТҮЙІН

Бұл зерттеудің мақсаты негізгі экономикалық көрсеткіштерді қолдана отырып, аймақтық айырмашылықтарды жан-жақты бағалау және аймақтық диспропорцияларды анықтау.

Зерттеуде көпөлшемді салыстырмалы талдау әдісі және оны Қазақстан өңірлерінің экономикалық әлеуетін бағалауға қолдану мүмкіндігі пайдаланылды. Бағалау үш топқа бөлінген көрсеткіштерді қамтиды: қаржылық және экономикалық жағдайлар, бизнесті дамыту көрсеткіштері және халықтың өмір сүру деңгейі. Салық жинау деңгейі өңірдегі бизнестің экономикалық белсенділігі мен өнімділігін көрсетеді, бизнестің даму көрсеткіштерін бағалау өңірдің кәсіпкерлік экожүйесі туралы және пен өңірдің өнеркәсібінің өсу қарқыны туралы құнды ақпарат береді, тұрғындардың өмір сүру деңгейін бағалау өңірдегі өмір сапасы туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Бағалау үшін бюджетке және Қазақстанның Ұлттық қорына салықтардың түсуі, Жалпы аймақтық өнім, Шағын және орта кәсіпкерліктің саны оның оның ЖІӨ-дегі үлесі, негізгі капиталға инвестициялар, бөлшек сауда, халық өсімі, орташа жалақы, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық сияқты нысаналы индикаторлар таңдалды.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік және жергілікті әкімшілік деңгейде аймақтық диспропорцияларды азайтуға және экономикалық өсуді ынталандыруға, дамымаған аймақтардағы инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған бағдарламалар мен стратегияларды дайындау үшін пайдалы болады.

ТҮЙІН СӨЗДЕР: аймақтық айырмашылықтар, жалпы өңірлік өнім, өңірлік экономика, географиялық бөліну, әлеуметтік-экономикалық индикаторлар, Қазақстан

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ: авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: мақала ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды («Қазақстан Республикасының ірі қалаларының тұрақты дамуын кешенді географиялық бағалау» ЖРН АР 19677682).

Мақала тарихы:

Редакцияға түсті 19 Қыркүйек 2023

Жариялау туралы шешім қабылданды 21 Қараша 2023

Жарияланды 30 Желтоқсан 2023

* **Хат-хабаршы авторы:** Досжан Р.Д. – PhD., қауымдастырылған профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, даңғ. әл-Фараби 71, А15Е3D0, Алматы, Қазақстан, 87015300030, email: rdd2011@mail.ru

Сравнительная оценка региональных различий по динамике ключевых экономических показателей Казахстана

Анесова А.Г.^с, Жумагулов Ч.Б.^а, Алибекова Г.Ж.^б, Досжан Р.Д.^{а*}

^аЕвразийский технологический университет, ул. Толе би 109, А05К2В9, Алматы, Казахстан; ^бКазахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби 71, А15Е3D0, Алматы, Казахстан; ^сИнститут экономики КН МНВО РК, ул. Шевченко 28, А25К1В0, Алматы, Казахстан

Для цитирования: Анесова А.Г., Жумагулов Ч. Б., Алибекова Г. Ж., Досжан Р. Д. (2023). Сравнительная оценка региональных различий по динамике ключевых экономических показателей Казахстана. Экономика: стратегия и практика, 18(4), 147-169, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-147-169>

АННОТАЦИЯ

Цель данного исследования провести комплексную оценку региональных различий с помощью ключевых экономических показателей и выявление региональных диспропорций. В исследовании был использован метод многомерного сравнительного анализа и возможность применения его к оценке экономического потенциала регионов Казахстана. Оценка включает показатели, разделенные на три группы: финансовые и экономические условия, показатели развития бизнеса и уровень жизни жителей. Уровень собираемости налогов отражает экономическую активность и производительность бизнеса в регионе, Оценка показателей развития бизнеса дает ценную информацию о предпринимательской экосистеме региона и о темпах роста малого и среднего предпринимательства (МСП) и промышленности региона, оценка уровня жизни жителей позволяет получить представление о качестве жизни в регионе. Для оценки были выбраны целевые индикаторы такие как, Поступление налогов в бюджет и Национальный Фонд Казахстана, Валовой региональный продукт, количество МСП и ее доля в Валовом национальном продукте, инвестиции в основной капитал, розничная торговля, прирост населения, Средняя заработная плата, Население с доходом ниже прожиточного минимума. Результаты исследования могут быть использованы как на государственном, так и на местном административном уровне для разработки программ и стратегии, направленные на сокращение региональных диспропорций, и на стимулирование экономического роста, улучшение инфраструктуры в слаборазвитых регионах.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: региональные различия, валовой региональный продукт, региональная экономика, географическое разделение, социально-экономические индикаторы, Казахстан

КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

ФИНАНСИРОВАНИЕ: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования («Комплексная географическая оценка устойчивого развития крупных городов Республики Казахстан» ИРН 19677682).

История статьи:

Получено 19 сентября 2023

Принято 21 ноября 2023

Опубликовано 30 декабря 2023

* **Корреспондирующий автор:** Досжан Р.Д. – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. аль-Фараби 71, А15Е3D0, Алматы, Казахстан, 87015300030, email: rdd2011@mail.ru

Кіріспе

Аймақтық өзгешеліктер ел ішіндегі немесе елдер арасындағы әртүрлі географиялық аймақаралық экономикалық, әлеуметтік немесе басқа дамуға байланысты көрсеткіштері арасындағы теңсіздіктер мен айырмашылықтарды білдіреді. Бұл өзгешеліктер әртүрлі жолдар арқылы көрініс табады және аймақтың әл-ауқаты, табыс деңгейі, білім мен денсаулыққа қол жетімділік, инфрақұрылымды дамыту және жалпы өмір сапасы сияқты түрлі аспектілеріне әсер етеді.

Аймақтық өзгешеліктер елдің дамуында шешуші рөл атқаратынын өңірлердің әлеуметтік экономикалық ахуалына тигізген оң немесе теріс әсерінен байқауға болады. Бұл өзгешеліктерді түсіну және оларға байланысты мәселелерді шешу елдің тұрақты дамуы мен көркеюі үшін аса маңызды. Бұл өзгешеліктер ел ішіндегі түрлі аймақтар немесе елдер арасындағы экономикалық әл-ауқат, бизнес көрсеткіштері және өмір сүру сапасындағы айырмашылықтармен байланысты. Кейбір аймақтар тұрақты экономиканың арқасында өркендеп жатса, басқалары жұмыссыздық пен кедейшілікке тап болып, негізгі қызметтерге қол жетімділіктің шектеулігін бастан кешеді.

Аймақтық өзгешеліктерді жою үкіметтің және құзырлы органдар алдындағы маңызды мәселелердің бірі деп айтуға болады, өйткені бұл диспропорциялар әлеуметтік және экономикалық теңгерімсіздікке, аймақтық тәртіп бұзушылыққа, тіпті саяси тұрақсыздыққа да әкелуі мүмкін (Case & Deaton, 2020).

Бұл диспропорцияларды азайту мақсатындағы іс шараларға экономикалық өсуді ынталандыру, инфрақұрылымды жақсарту және дамымаған аймақтардағы негізгі қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған саясатты қамтиды.

Қазақстан өңірлерінің әрқайсысы бірегей сипаттарымен, ресурстары мен даму әлеуеті ерекше теңізге шығу мүмкіндігі жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет. Еліміз 17 аймаққа, оның ішінде 14 облысқа және республикалық маңызы бар үш қалаға бөлінген. Әр аймақ орналасқан жері, халқы, экономикалық қызметі мен тарихына қарай өзгеше (Tsaurkubule et al., 2020).

Қазақстандағы өңірлік өзгешеліктерді бағалау еліміздің тарихи дамуында ізін қалдырды, 20 жылдан бері елде ұлттық экономиканы дамытуға бағытталаған ірі агломерациялар бой алып, салалық кластерлердің қызметін қамтитын өңірлік саясат іске асырылып келеді. Түрлі экономикалық өзгерістер елдегі аймақтар мен

қалалардың дамуына өз әсерін тигізді. Қазақстан Үкіметі өңірлік өзгешеліктерді азайтудың және барлық азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін теңгерімді дамуға жәрдемдесудің маңыздылығын мойындады (OECD, 2020).

Қорытындылай келе, Қазақстандағы аймақтық өзгешеліктерді анықтап, теңгерімдікке ұмтылу елдегі маңызды мәселелердің бірі екені анық. Осы аймақтық өзгешеліктерді түсіну және бағалау құзырлы органдар мен мүдделі тараптарға аймақтық өсу мен дамудың тиімді стратегияларын жүзеге асыру үшін қажет. Бұл зерттеу Қазақстанның өңірлік өзгешеліктерінің даму үрдістерін бағалауға бағытталған.

Әдеби шолу

Әлемдік экономика өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап елеулі өзгерістерге ұшырады. Әлемдік экономика интеграциясы кезеңі басталғалы сауда географиясы, инвестициялық ағындар, өндіріс саласы, қызмет тұтыну бертін келе көпполярлы нысанға өтті. Ол, өз кезегінде аймақтар мен елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық, қаржылық алшақтықтың туындауына серпіліс берді (Athreye & Cantwell, 2007; Kaplinsky, 2013; UNCTAD, 2013).

Ірі және қарқынды дамып келе жатқан агломерацияларға экономиканың өсуі және құлдырауы кезеңінде инвестиция құю аумақтық теңсіздікті күшейтуі мүмкін, ол өз кезегінде экономикалық тұрақтылықтың төмендеуіне және тиімсіз саясаттың беталуына алып келмек (Rodríguez-Pose, 2018)

Әсіресе ел аралық, аймақ аралық әлеуметтік экономикалық алшақтықтар дағдарыс кезеңдерінде ұлғая түсті. 2008 жылғы қаржылық дағдарыс әлеуметтік экономикалық теңсіздікке деген ғылыми қызығушылықты жандандырды. Тіпті, Біріккен Ұлттар Ұйымы «Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту» оныншы мақсат ретінде Тұрақты даму мақсатына енгізді. Елдер арасындағы және ішіндегі теңсіздік мәселесі қашан да өзекті. COVID-19 пандемиясы жағдайды одан әрі қиындатып, аймақтардың осал тұстарына ауыр тиді. Ол экономикалық теңсіздіктер мен әлеуметтік қорғаудың тұрақсыз желілеріне назар аударды, бұл дағдарыстың негізгі соққысына осал қауымдастықтарды әкелді. Сондай ақ, әлеуметтік, саяси және экономикалық теңсіздік пандемияның әсерін күшейтті. Экономикалық майданда COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемде жұмыссыздық деңгейін едәуір арттырып, кірісті күрт қысқартты (United Nations, 2016).

Тақырып аясындағы мәселелер салааралық зерттеулерді қамтиды. География мен экономика ғылымдарының мұндағы түйіскен тұсы әркім бөлініске деген қызығушылық. Экономикалық география әдістері құрылымын ашуға, тұжырымдамалық жан жақты талқылауға негізделген квалитативті кейстерге негізделсе, экономисттер математикалық негізге сүйенген әмбебап қолданбалы ережелер мен сандық әдістерге басымдылық береді (Pike et al., 2014).

Біздің зерттеуде осы екі ғылым көзқарастың түйісуі аймақтық бөліністегі экономикалық заңдылықтарды түсініп, зерттеуге өз үлесін қосады. Сонымен қатар, аймақтық өзгешеліктер мәселесі әлеуметтік саясатпен де астасып жатыр.

Аймақтың әл ауқатының деңгейі маңызды рөл атқарады. Зерттеулерге сүйенсек, бақ дәулетті аймақ басшылары, жағдайы төменірек аймақ басшыларына қарағанда әлеуметтік саясатқа жұмсайтын шығындары жан басына шаққанда әлдеқайда көбірек жұмсайды (Kellermann, 2006).

Дамыған елде болсын, дамушы елдерді алсақ та жалпы ұлттық табысты өсіруге ниет өмір сүру деңгейін көтеру үшін жеткілікті шарт емес. Орташа табыс өскен сайын, адам дамуының көрсеткіштері ұлғайғанымен теңсіздік мәселесі қала береді. Яғни, елдегі теңсіздік мәселесін шешудің саяси маңызы орташа табыс өссе де, тіпті жалпы адам дамуының көрсеткіштері жақсарса да өзектілігін жоймайды. Әлеуметтік-саяси маңызы бар топтар арасындағы көлденең теңсіздік, оның ішінде жынысына, этникалық тегіне, дініне және аймағына байланысты, саяси тұрақтылық пен ұлттық келісім үшін басты рөл атқарады (Currie-Alder et al., 2014).

Зерттеуде Қазақстан дамушы ел ретінде қарастырылып, оның өңірлеріндегі алшақтықтарды бағалаймыз. Қазақстан өңірлерінің дамуы экономикалық өсу, әлеуметтік көрсеткіштер, инфрақұрылым және қызметтердің қолжетімділігі, білім беру және денсаулық сақтау деңгейі және т.б. сияқты әртүрлі параметрлер бойынша жіктеледі. Әрбір өңірдің және қаланың өзіндік ерекшеліктері бар, мысалы, Астана Қазақстанның астанасы және еліміздің маңызды әкімшілік және экономикалық орталықтарының бірі. Қала инвестицияларды тарту және инновациялық инфрақұрылымды құру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар аясында белсенді дамып келеді. Астана мемлекеттік мекемелердің, ірі корпорациялардың және жоғары технологиялық кәсіпорындардың мекеніне айналды. Ал, Алматы Қазақстанның ең ірі қаласы және экономикалық

орталығы. Ол қаржылық, коммерциялық және инвестициялық мүмкіндіктерімен танымал, инфрақұрылымы дамыған қала.

Батыс Қазақстан мұнай-газ және химия өнеркәсібі жанданған, өнеркәсіптік өңірлерінің бірі. Шығыс Қазақстан көмір, мұнай, газ және металдарды қоса алғанда, өзінің табиғи ресурстарымен танымал. Оңтүстік Қазақстан-түрлі экономикалық әлеуеті зор еліміздің аса маңызды өңірлерінің бірі. Аймақта көмір, мұнай және газ сияқты табиғи ресурстарға бай ауыл шаруашылық өнеркәсібі дамыған. Солтүстік Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетімен және өнеркәсіптік кәсіпорындарымен танымал. Аймақ табиғи ресурстарға, соның ішінде көмір, мұнай және газға, сондай-ақ дамыған көлік инфрақұрылымына қол жеткізе алады. Орталық Қазақстан ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және қызмет көрсету саласын қамтитын аралас экономикалық бейінге ие. Аймақ сонымен қатар көмір, темір рудасы және мыс сияқты табиғи ресурстарға бай.

Бұл шолу жалпы сипатта және әр аймақтың дамудың барлық аспектілерін қамтымайтынын атап өткен жөн. Аймақтардың дамуы уақыт өте келе экономикалық және саяси жағдайға, үкіметтің басымдықтарына және басқа факторларға байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан, бұл зерттеу Қазақстан өңірлерін жан-жақты бағалауға арналған.

Әдіснама

Зерттеуде өңірлердің экономикалық әлеуетін кешенді талдау үшін мультиполярлы салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Экономикалық әлеуетті инновациялық, еңбек, экономикалық, инвестициялық, әлеуметтік және экологиялық факторлардың жиынтығы ретінде қарастырдық. Көпөлшемді салыстырмалы талдау бірнеше айнымалыларды түрлі критерийлер бойынша салыстыру қажет болғанда, немесе бірнеше факторларды бір индикатормен ұсынуға болмайтын жағдайда қолданылады.

Аймақтық өзгешеліктер мен аумақтық теңгерімсіздікті бағалаудың оңтайлы әдістерінің бірі даму нәтижелерінің территориялық алшақтықтарын анықтау. Аталмыш әдіс жан басына шаққандағы ЖІӨ, жұмыспен қамту, өнімділік сияқты жалпыға мәлім және қол жетімді айнымалыларды қарастырады (Ezcurra & Rodriguez-Pose, 2009).

Бұл зерттеуде Қазақстанның өңірлері мен қалалары үш топқа бөлінген 10 көрсеткіш бойынша бағаланатын болады, олар: қаржы-экономикалық жағдай, бизнесті дамыту

көрсеткіштері және тұрғындардың өмір сүру деңгейі. Талдау 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі бес жылдық деректерге негізделеді, өйткені бұл кезең әлі де зерттеуді қажет етеді. Әрбір көрсеткіш үшін бес жылдағы орташа мән пайдаланылады. Бағалау нәтижелері рейтинг түрінде ұсынылатын болады, онда әр аймаққа оның көрсеткіштеріне байланысты белгілі бір ұпай саны беріледі.

Аймақтық және қалалық деңгейлердегі осы тенденцияларды бағалау және түсіну саясаткерлер мен қала жоспарлаушылары үшін теңгерімді және тұрақты дамуға ықпал ету үшін өте маңызды. Бұл әдебиеттерге шолу қалаларға ерекше назар аудара отырып, аймақтық өзгешеліктердің даму тенденцияларын бағалау бойынша бар зерттеулерді қарастырады. Бағалау үш топқа бөлінген көрсеткіштерді қамтиды: қаржылық және экономикалық жағдай, бизнесті дамыту көрсеткіштері және тұрғындардың өмір сүру деңгейі (Greene et al., 2007; Guaralda et al., 2020).

Аймақтың қаржылық және экономикалық жағдайы оның жалпы дамуын анықтайтын басты фактор. Зерттеушілер бұл аспектіні бағалау үшін әртүрлі өлшемдерді қолданып жүр. Салық жинау-бұл аймақтың кіріс алу қабілеті туралы түсінік беретін кеңінен қолданылатын көрсеткіштерінің бірі (Combes & Lafourcade, 2005; Tan et al., 2017; 17. Łasak, 2022). Салық жинау деңгейі аймақтағы бизнестің экономикалық белсенділігі мен өнімділігін көрсетеді, бұл өз кезегінде оның мемлекеттік инвестициялар мен ресурстарды бөлу қабілетіне әсер етеді.

Аймақтың қаржылық-экономикалық жағдайын бағалау үшін қолданылатын тағы бір көрсеткіш-Ұлттық Қордың кірісі. Бұл кірістер көбінесе мұнай, газ немесе минералдар сияқты табиғи ресурстарды өндіруден алынады және аймақтардың дамуға айтарлықтай әсер етуі мүмкін (Venables, 2016; Dwumfour & Ntow-Gyamfi, 2018). Табиғи ресурстарға бай аймақтар әдетте дамыған және аралас салаларға инвестиция тартуға бейім болып келеді. Алайда, бір салаға тәуелділік сол тауар бағасының нарықтағы өзгерістерінің салдарына тәуелділікті туғызуы және әртараптандыруға кедергі жасауы мүмкін (Mousavi & Clark, 2021).

Бизнесті дамыту көрсеткіштерін бағалау өңірдің кәсіпкерлік экожүйесі мен экономикалық өміршеңдігі туралы құнды ақпарат береді. Зерттеушілер бұл аспектіні бағалау үшін әртүрлі шараларды қолданды. Солардың ішіндегі бірегейі және кең таралған көрсеткіштердің бірі - аймақтағы шағын және орта бизнестің

(ШОБ) саны мен өсу қарқыны (Liu et al., 2022). Шағын және орта бизнес жұмыс орындарын құруда, инновацияның дамуына және жергілікті экономиканың дамуына үлкен үлес қосады.

Шағын және орта бизнестің әлеуетімен қоса, аймақтағы өнеркәсіптің түрлі салаларда болуы бизнесті дамытудың тағы бір маңызды көрсеткіші (Islam & Wahab, 2021). Әр түрлі өнеркәсіптік базасы бар аймақтар экономикалық күйзелістерге төтеп бере алады, және нарықтағы ауытқуларға төзімді. Өнеркәсіптің әртүрлі салаларының, әсіресе өңдеу өнеркәсібінің, қызмет көрсету және білім бағытындағы салалардың болуы инновацияларды ынталандырады, бәсекелестікке ықпал ете отырып ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Тұрғындардың өмір сүру деңгейін бағалау аймақтағы өмір сапасы туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер бұл аспектіні бағалау үшін көптеген өлшемдерді қолданды. Ең көп тараған түрі - тұрғындардың экономикалық әл-ауқатын көрсететін үй шаруашылығының орташа табысы (Chun & Katz, 2021). Үй шаруашылығының кірісі жоғары болса өмір сүру деңгейі өседі, сатып алу қабілеті жоғарылайды және тауарлар мен қызметтерге қол жетімділіктің өсетіні заңдылық.

Өмір сүру деңгейін бағалау үшін қолданылатын тағы бір көрсеткіш-адам дамуының индексі (АДИ, Human Development Index (HDI)). АДИ адамдардың әл-ауқатын жан-жақты бағалау үшін өмір сүру ұзақтығы, білім және табыс көрсеткіштерін біріктіреді. АДИ көрсеткіштері жоғары аймақтарда денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштер жақсы, білім деңгейі жоғары және ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жетімді болады (Yumashev et al., 2020; Chen et al., 2023).

Қалалар мен аймақтар деңгейіндегі өзгешеліктерді бағалау әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қажет ететін күрделі шаруа. Әр түрлі зерттеулер аймақтық өзгешеліктердің дамуын бағалау үшін түрлі әдістерді қолданады, соның ішінде құрама индекстер, кеңістіктік талдау, көп өлшемді талдау, өсу мен конвергенцияны талдау, салыстырмалы жағдайлық зерттеулер және мүдделі тараптардың сауалнамалары.

Құрама индекстер аймақтық өзгешеліктердің көп өлшемді сипатын көрсетудің танымал әдісіне айналды. Аймақтық даму индексі (RDI) және аймақтық бәсекеге қабілеттілік индексі (RCI) сияқты индекстер аймақтық дамудың біртұтас көрінісін қамтамасыз ете отырып, көптеген көрсеткіштерді бір өлшемге біріктіреді (Chen et al., 2022; Ran et al., 2022). Бұл құрама индекстер

эртүрлі көздерден және өлшемдерден алынған деректерді біріктіріп, аймақтар бойынша және уақыт бойынша салыстыруға мүмкіндік береді. Жиынтық индекстер экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторларды ескере отырып, аймақтық айырмашылықтар жөнінде жан-жақты түсінік береді.

Аймақтық өзгешеліктерді бағалау үшін кеңістіктік талдау әдістері, соның ішінде географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЗ) және кеңістіктік эконометрикалық модельдер кеңінен қолданылады. Бұл әдістер көрсеткіштердің кеңістікте таралуын ескере отырып, кластерлерді немесе кеңістіктік даму модельдерін анықтайды (Yao et al., 2017; Ramos-Escudero et al., 2021). Кеңістіктік талдау кеңістіктік қарым қатынастарды, агломерация эсерлерін және аймақтық өзгешеліктерді құрайтын қайталама механизмдерді түсінуге көмектеседі. Географиялық контекстті зерттей отырып, кеңістіктік талдау аймақтық дамудың кеңістіктік өлшемдері туралы құнды ақпарат береді. Өсу және конвергенцияны талдау әдістері уақыт бойынша аймақтық даму динамикасын зерттейді. Зерттеушілер аймақтардың даму траекторияларында конвергенция немесе алшақтық бар-жоғын түсіну үшін өсу қарқынын талдау, конвергенцияны талдау және кеңістіктік эконометрикалық модельдерді қоса алғанда, эртүрлі тәсілдерді қолданады (Calero & Turner, 2020). Конвергенцияны талдау дамуы кешеуілдеген аймақтардың неғұрлым дамыған аймақтарға жете ала ма жоқ па, олардың арасындағы өзгешеліктің артып келе жатқанын анықтауға көмектеседі. Бұл әдістер аймақтық өзгешеліктердің уақытша аспектілері туралы түсінік береді және теңгерімді дамуға ықпал ететін саясатқа негіз бола алады.

Аймақтық өзгешеліктерді бағалау үшін қолданылатын тағы бір құнды әдіс

- салыстырмалы тақырыптық зерттеулер. Зерттеушілер жекелеген қалалар немесе аймақтар бойынша терең зерттеулер жүргізу арқылы аймақтық айырмашылықтарға ықпал ететін нақты факторлар туралы түсінік алады. Салыстырмалы тақырыптық зерттеулер тарихи жазбаларды, бағдарламалық құжаттарды, сұхбаттарды және статистикалық көрсеткіштермен қоса, сапалық және сандық деректерді талдайды (Cecato et al., 2021). Бұл зерттеулер аймақтық дамудың контекстік факторлары туралы терең түсінік береді және саясаткерлер үшін құнды сабақ береді.

Халық, бизнес және саясаткерлер арасындағы мүдделі тараптарды сауалнама жүргізу арқылы аймақтық айырмашылықтар туралы субъективті пікірлерді жинауға болады. Бұл сауалнамалар мүдделі тараптардың инфрақұрылым сапасы, қызметтерге қол жетімділік, іскерлік ахуал және жалпы өмір сүруге жарамдылық туралы пікірлерін көрсетеді. Мұндай әдіс мәселені жан-жақты түсінуге мүмкіндік беретін басқа әдістерде қолданылатын объективті көрсеткіштерді толықтырады (van Langen et al., 2021).

Өңірдің қаржылық және экономикалық жағдайды, бизнестің дамуын және тұрғындардың өмір сүру деңгейін бағалау аймақтық айырмашылықтар туралы құнды ақпарат береді. Осы көрсеткіштерді талдай отырып, саясаткерлер мен урбанистерге қала немесе аймақты жақсартуды қажет ететін бағыттарды анықтай алады, мақсатты саясатты тұжырымдай алады және теңдестірілген және тұрақты дамуға ықпал етеді.

Бұл зерттеуде аймақтар мен қалалар үш топқа бөлінген 10 көрсеткіш бойынша бағаланады: қаржылық-экономикалық жағдайы, бизнесті дамыту көрсеткіштері және тұрғындардың өмір сүру деңгейі (1-кестені қараңыз).

Кесте 1 - Есептік көрсеткіштер

Table 1 - Calculated indicators

Индикаторлар тобы		Индикаторлар	Код	Өлшем бірліктері
Қаржы-экономикалық жағдай	1	Бюджетке төлемдер мен салықтардың түсімдері	Налог_Бюджет	тенге
	2	Ұлттық қорға төлемдер мен салықтардың түсімдері	Tax_NF	тенге
	3	Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ)	ЖӨӨ	тенге
Бизнес	4	ШОБ саны	Num_SME	дана
	5	ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі	Share_SME	%
	6	Негізгі капиталға инвестициялар	ЕСЛИ	тенге
	7	Бөлшек сауда	P_T	тенге
Әлеуметтік статус және өмір сүру деңгейі	8	Халық санының өсуі	P_G	адам
	9	Орташа жалақы	КАК	тенге
	10	Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық	Pov_lev	%

Ескерту: авторлар [stat.gov.kz, kgd.gov.kz] дереккөздер негізінде құрастырған

Бағалау көрсеткіштері бойынша Қазақстанның 17 өңірі үшін рейтинг жасалды, оның 14-і облыстар және Республикалық маңызы бар үш қала. Бағалау үшін 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі бес жылдық деректер пайдаланылып отыр. Кейбір көрсеткіштер 2022 жылдың деректері болмауына байланысты қарастырылмайды. Рейтингке деректердің болмауына байланысты Абай, Жетісу және Ұлытау жаңа өңірлері енгізілмеген. Есептік көрсеткіш 14 облысты және республикалық маңызы бар екі қаланы қоса алғанда, Қазақстанның 16 өңірінің ағымдағы жай-күйін сипаттайтын он озыңқы көрсеткіштерге негізделген.

Зерттелетін кезеңдегі әрбір көрсеткіш үшін орташа мән пайдаланылды. Әрі қарай баллдық жүйе бойынша рейтинг жасалды. Ең жақсы нәтиже көрсеткен облысқа әр көрсеткіш бойынша 10 ұпайға дейін берілді. Рейтингке қатысушылардың қалған бөлігі ең жоғары баллдан пропорционалды төмендетілген көшбасшы көрсеткішіне қатысты балл алды. Жалпы алғанда, аймақтар ең көп дегенде 100 ұпай жинай алды.

Әр аймақтың елдің қаржылық дамуына қосқан үлесі қаржылық-экономикалық

жағдайын бағалау арқылы бағаланды. Мұнда біз әр аймақтан салық жинау, Ұлттық қорға төлемдер түсімі және жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) көрсеткіштерін қарастырдық.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекеттік бюджетке төлемдер мен салықтардың түсуі бойынша көшбасшылар Алматы және Астана қалалары, онда бюджет қаражаты екі еседен астам ұлғайды. Сонымен қатар, көшбасшылар үштігіне Атырау облысы да кіреді, онда да өсім байқалады. Осы үш аймақ бюджеттің барлық кірістерінің 50% - дан астамын құрап отыр. Бұл Алматы мен Астана қалаларының экономикаәртараптандырылған экономикалық құрылымға ие болуына байланысты. Сонымен қатар, бұл қалаларда миллионнан астам адам тұрады. Атырау облысында өңірлік экономиканың негізгі бағыты мұнай-химия өнеркәсібі болғандықтан жиналатын салықтардың көлеміне әсер етеді. 2-кестеде 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі зерттелетін кезеңде өңірлер бойынша салықтардың түсу деректері келтірілген.

Кесте 2 - Өңірлер бойынша мемлекеттік бюджетке түсетін салық түсімдері мен төлемдерінің балдық бағалау, мың теңге, 2018-2022 жж.


Table 2 - Point assessment of tax revenues and payments to the state budget by regions, thousand tenge, 2018-2022

Аймақ	2018	2019	2020	2021	2022	Үлесі, %	Балл
Ақмола	158744533	194949731	233648856	257230744	329372996	2,2	0,9
Ақтөбе	360644526	400817233	312246191	376682612	540278475	3,8	1,5
Алматы	386695709	509323119	561879386	773757341	930082549	6,0	2,3
Атырау	1387939198	1765626552	1243520012	1528845972	2347953788	15,7	6,1
Шығыс Қазақстан	303253974	368114880	543503875	413420102	511569594	4,1	1,6
Жамбыл	85837607	98253372	113301549	145123013	183246556	1,2	0,5
Батыс Қазақстан	303620541	371002961	639034658	358298166	521192008	4,2	1,6
Қарағанды	415984479	430984486	397360483	695327725	812683919	5,2	2,0
Қызылорда	135824347	157295031	135676993	163101546	206846338	1,5	0,6
Қостанай	164145200	217271212	237842723	294281295	399117032	2,5	1,0
Маңғыстау	417452752	506808245	323120347	420185731	553053612	4,2	1,6
Павлодар	283678322	298229477	351162190	421644281	591257798	3,7	1,4
Солтүстік Қазақстан	78625414	86164700	101292881	118921626	153249981	1,0	0,4
Түркістан	249379346	194624995	235791919	307958271	477718503	2,8	1,1
Шымкент қ.	62839758	196564513	241475308	291351852	441584640	2,3	0,9
Алматы қ.	1919440471	2224988767	2290049006	2913443807	4141163903	25,6	10,0
Астана қ.	1135028885	1277464496	1422910239	1441361207	2100755736	14,0	5,5
Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылған (2022)							

Салықтық түсімдердің қалыптасқан құрылымы донор-өңірлердің және реципиент-өңірлердің пайда болуына алып келеді, бұл өз кезегінде жекелеген өңірлердің республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тәуелділігіне әкеп соғады. Мұндай жағдай бюджеттердің дербестік деңгейіне әсер етеді, оны Мемлекет басшысының стратегиялық белгілеріне сәйкес арттыру қажет және тиісінше трансферттер беруден бас тарту қажет.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын негізінен Батыс Қазақстан өкілдері қамтамасыз етеді. Мәселен, 2017 жылы ҚР Ұлттық қорына салық аударымдарының ең көп көлемі Атырау (1,15 трлн. теңге),

Маңғыстау (388,2 млрд. теңге) және Батыс Қазақстан (269,03 млрд. теңге) облыстарына тиесілі болды. Бұл көрсеткіш бойынша Астана 6,65 млрд теңгеге артта қалды. 1-сурет бойынша зерттелетін кезеңде бюджетке түсетін түсімдер бойынша Алматы мен Астана көш бастап тұрғанын байқауға болады, дегенмен барлық қалалар бойынша оң үрдіс байқалады. 2018 жылмен салыстырғанда 2022 жылы Алматы салық және басқа да салық міндеттемелерін жинау бойынша абсолютті көшбасшы болып қала отырып, өзінің бюджеттік міндеттемелерін екі есе көп орындады. Жезқазған, Талдықорған және Қонаев қалалары салықтардың аз жиналуы бойынша көшбасшылардың үштігіне кірді.



Сурет 1 - Қалалар бойынша бюджетке төлемдер мен салықтардың түсімдері, млрд. теңге, 2018-2022 жж.

Figure 1 - Payments and tax revenues to the budget by cities, bln. tenge, 2018-2022


Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлар жасаған (2022)

Қазақстан өңірлері бөлінісінде жалпы өңірлік өнім туралы деректерді қарастырайық. Шығыс Қазақстан облысы ЖӨӨ көлемінің ең жоғары өсу қарқынын көрсетіп отыр, ол зерттелетін жеті жылда 2018 жылғы базалық көрсеткіштермен салыстырғанда 142% - ға өсті. Сондай-ақ, 100%-дан астам өсім көрсеткен көшбасшы өңірлер арасында Қарағанды (122), Қостанай (131) және Солтүстік Қазақстан (123), Түркістан облысы (127), сондай-ақ Шымкент қаласы сияқты өңірлерді атап өтуге болады.

Жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім бойынша көшбасшылар үштігінің құрамы

алдыңғы көрсеткішпен бірдей болып шықты. Атырау облысында 2017 жылдың тоғыз айында бір адамға шаққандағы ЖӨӨ 6,27 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 16,3% - ға артты. Алматыда ЖӨӨ бір адамға 4 млн теңге, елордада – 3,89 млн теңге өндірілді.

Жалпы өңірлік өнімді шығару бойынша Алматы, Астана және Атырау қалаларынан озып келеді (2-сурет). Зерттелетін кезең ішінде Жезқазған, Қонаев және Түркістан қалалары төмен үлес салмағын көрсетті.



Сурет 2 - Қалалар бөлінісінде жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), мың теңге, 2018-2022 жж.

Figure 2 - Gross regional product (GDP) per capita by cities, thousand tenge, 2018-2022

Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылған (2022)

Республикалық маңызы бар қалаларда жан басына шаққандағы ЖӨӨ 20% және одан да көп төмендегені байқалады. Астана қаласында төмендеу 27% құрады. 2022 жылдың тоғыз айындағы ең жоғары көрсеткіш Атырау облысында тіркелді-13 145 мың теңге, бұл Астана және Алматы қалаларына қарағанда екі есе көп. Сонымен қатар, Жамбыл облысындағы ең төменгі көрсеткіш-1372,5 мың теңге.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін салықтарға мұнай секторындағы ұйымдардан алынатын кейбір тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есептелетін салықтарды қоспағанда) жатады, мысалы, КТС, үстеме пайда салығы, пайдалы қазбаларды өндіру салығы, бонустар, өндіріске қатысу, ренталық экспорт салығы және өнімді бөлу туралы келісім-шартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушының қосымша

төлемі. 3-кестеде Қазақстан өңірлеріндегі Ұлттық қорға салық түсімдері мен төлемдерін бағалау көрсетілген.

Ұлттық қорға түсетін түсімдер көлемі 2022 жылы 64 трлн теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 99% - ға өсті.

Павлодар (982%), Атырау (251%), Батыс Қазақстан (204%) облыстары мен Алматы қаласын (216%) қоса алғанда, төрт өңірде кірістер екі еседен астам өсті. Павлодар мұнай-химия зауытында жаңғырту аяқталды, бұл өңірдің мұнай-газ секторынан түсетін салық түсімдерінің көлеміне әсер етті. Батыс Қазақстан облысында 2017 жылы жаңа кен орнын игеру басталды.

Кесте 3 - Аймақтар бойынша Ұлттық қорға салық түсімдері мен төлемдер, мың теңге, 2018-2022 жж.


Table 3 - Tax revenues and payments to the National Fund by regions, thousand tenge, 2018-2022

Аймақ	2018	2019	2020	2021	2022	Өсім	Балл
Ақмола	9094	6412	9497	11175	7861	86%	0
Ақтөбе	173910533	146346190	92002979	118223299	219902795	126%	0,953
Алматы	170899	149461	200451	162197	48911	29%	0,0009
Атырау	1444398443	1241131874	516937719	1047884117	3621196760	251%	10
Батыс Қазақстан	5260760	3681389	1764383	3301494	3173434	60%	0,0218
Жамбыл	34435	16841	26829	11679	7747	22%	0,0001
Қарағанды	680383138	582884771	381285716	715551212	1386929980	204%	4,76
Қызылорда	6512	5204	6382	4463	3696	57%	0
Қостанай	163144859	174555501	87050485	73628611	153318480	94%	0,82
Маңғыстау	0	0	308	0	2167	-	0
Павлодар	653511254	625106066	278619145	576515364	895186933	137%	3,8
Солтүстік Қазақстан	323	1534	129	0	3173	982%	0
Түркістан	2238	0		0	0	0%	0
Шығыс Қазақстан	9176968	9977432	2895803	2124470	11805614	129%	0,04
Астана қ.	0	349	202	0	1572	-	0
Алматы қ.	7746085	11138719	4614500	5622048	16724043	216%	0,06
Шымкент қ.	74081742	64414099	35096341	70016959	94237604	127%	0,43

Ескерту: Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде авторлармен құрастырылған (2022)

ҚР Ұлттық қорына салық түсімі бойынша қалалар бөлінісінде Алматы және Астана қалалары көш бастап тұр. Шымкент және

Түркістан қалаларының көрсеткіштері базалық жылмен салыстырғанда екі еседен астам өсті (3-сурет).



Сурет 3 - Қалалар бойынша Ұлттық қорға төлемдер мен салықтардың түсуі, млн. теңге, 2018-2022 жж.

